

Кариев Елдос Максатовичтің
6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындаған «Мәдени мұра» ұлттық
бағдарламасының аясында зерттелудегі археологиялық ескерткіштер
Еуразия халықтары тарихының дерек көзі» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысының
АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс тарих ғылымының және оның бірнеше салалары мен пәндерінің, нақтырақ айтсақ, археологияның, деректанудың және тарихнаманың тоғысында дайындалған. Еңбек, «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасына еңген археологиялық нысандарды, сондай-ақ, басқада заттай ескерткіштерді қамтитын зерттеулердің барысы мен нәтижелерін теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік тұрғылардан ғылыми сараптауына бағытталған. Алынған мәліметтердің тарихи дерек ретіндегі мазмұнын, ғылыми ізденістердің әлеуметтік-экономикалық әсері мен Еуразия халықтары тарихының белгілі бір мәселелерін шешудегі үлесін және аталмыш бағдарлама аясында зерттелген басқа да маңызды мәселелерді қарастыру жүзеге асуда.

Ұлттық бағдарламаның ресми түрде бастау алған кезін Елбасының 2004 жылдың 13 қаңтарында «2004-2006 жж. арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» атты № 1277 Заңына қол қойған уақытынан есептеу керек.

Жалпы, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы зерттеулерді шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады:

- 1) Мәліметтерді жинау және бастапқы түрде өңдеу кезеңі – 2004-2011 жж.;
- 2) Жиналған мәліметтерді жалпылау, жүйелеу және зерделеу кезеңі – 2011 жылдан осы күнге дейін.

Тақырыптың өзектілігі. «Мәдени Мұра» ұлттық стратегиялық бағдарлама шегіндегі көп жылдық жұмыс нәтижесінде көлемді ақпарат қоры жиналғаны баршаға мәлім, соның ішінде археологиялық ескерткіштердің үлесі айтарлықтай. Ресми мәліметтерге жүгінсек 2004 жылдан бері 40-қа жуық археологиялық ескерткіште ғылыми зерттеу жүзеге асырылып, Қазақстан археологиясының деректік қоры көлемі және мазмұны жағынан орасан зор мәліметтерге ие болды. Оның ішінде тас және көне металл дәуірлерінің ескерткіштері, ерте темір ғасыры және ғұн-сармат кезеңдерінің нысандары, көне түркі, ортағасырлық тайпалар және қалалық мәдениет бойынша ғылыми ізденістер нәтижелері бар. Қазіргі таңда иеліктегі ақпаратты өңдеу және зерттеу нәтижелерін жалпылап, жүйелік сараптамаға салу қажеттілігі туындауда. Осы кезге дейін бұл бағытта жасалған жұмыс көп жағдайда бөлек ескерткіштерге және тарихи кезеңдерге арналып, басым жағдайда өңірлік қарастыру орын алғанын айта кету керек. Осы шақта бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелерін Қазақстан, сондай-ақ бүкіл Еуразия көлемінде жалпылау, әр археологиялық ескерткіштің түпнегізін айқындау

және бөлек мәдениеттер арасындағы тарихи сабақтастықты анықтау мен жүйелеу арқылы бір ретке келтіру мұқтажы зор.

Сонымен қатар зерттеу жұмысында қазіргі әлемдік ғылымның шегінде орын алып жатқан кейбір үрдістерге сай археология саласының тарих ғылымына қатыстылығына, заттай деректердің тарихи дерек екендігіне күмәндану сипатына ие ойлар хақында аталған мәселелер мұқият және Қазақстан материалдары негізінде тыңғылықты зерттеп-зерделенуде. Бұл да диссертация тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Диссертация тақырыбының зерттелу дәрежесі. Зерттеу тақырыбы аясындағы тарихнама, егерде бағдарлама бойынша қорытындылау жұмыстары әлі күнге шейін жалғасып, нәтижелерді қорыту кезеңінде екенін ескерсек, соншалықты кең емес және көп жағдайда сипаттамалық мінезде. «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасының тарихнамасын шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады: тікелей археологиялық бағытқа қатысты ғылыми жарияланымдар және екіншісі, жобаның өзіне және басқа ғылым салаларына – мәдениетке, өнерге, білім беру жүйесіне қатысты жалпы еңбектер. Бірінші санатты өз кезегінде үшке бөліп қараған дұрыс көрінеді: бастапқысы ол бағдарламаны жүзеге асырудың алғашқы екі кезеңінде жарық көрген еңбектер, келесісі бағдарламаның үшінші кезеңінде, яғни, нәтижелерді бастапқы қорыту шағындағы жарияланымдар, үшінші қатардағылар ол бағдарлама тәмамдалған уақыттан қазіргі таңға дейінгі ғылыми жұмыстар.

Дегенмен, «Мәдени Мұра» бағдарламасы аясындағы археологиялық зерттеулер бойынша осы күнге дейін жалпылайтын ортақ еңбектің болмауы тақырыптың жетерліктей деңгейде зерттелмегеніне сілтейді.

Зерттеу нысаны. «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасының тізіміне еңген және ресми археологиялық ғылымның уақыттық және мазмұндық шегіндегі заттай және рухани нысандардың барлық түрлеріне: тас дәуірінің тұрақтарынан, үңгірлік және жартастық сурет өнерінен бастап ортағасырлық қалалар мен археологиялық сипаттағы эстетикалық-мәдени заттай емес құндылықтарға, теориялық-әдіснамалық мәселелерге және т.б. арналған ғалымдардың сану алуан сипаттағы – жылдық қорытынды есептері мен мақалаларынан, тұғырлы сараптамалық монографиялық зерттеулеріне дейінгі ғылыми жарияланымдар.

Зерттеу пәні. «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасының шегіндегі археологиялық ескерткіштерді, тарих ғылымының хақындағы археологияның эмпирикалық және талдаулық сипаттағы кең мәселелерімен жүйелі байланыста, тәжірибелік және теориялық зерттеулердің ғылыми тәсілдері, әдіснамасы және әдістері.

Зерттеу мақсаты. «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасының аясында жарық көрген Қазақстан археологтарының зерттеулеріне және ашқан жаңалықтарына шолу және сараптама жасап, олардың Қазақстан және Еуразия тарихы хақындағы деректанулық маңызына баға беру.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** айқындалған:

– археологиялық ескерткіштерді тарихи дерек ретінде қабылдаудың тарихнамасы, заттай деректердің өзіндік ерекшеліктері мен археологиядағы

ғылыми ізденістердің тәжірибелік-теориялық және әдіснамалық негіздері және археологиялық ескерткіштерге, соның ішінде «Мәдени Мұра» бағдарламасы санатындағы нысандарға аталған теориялық-әдіснамалық тұрғылардан баға беру деген секілді бірқатар маңызды мәселелерді сараптау;

– ұлттық бағдарлама аясындағы археологиялық ескерткіштерді өңірлер және кезеңдер бойынша далалық зерттеулер нәтижесінде дайындалған ғылыми еңбектерге, олардың ұлттық тарихтың дерек көздері ретіндегі ерекшеліктері мен ізденістердің жүзеге асырылу деңгейіне баға беру шегінде егжей-тегжейлі тарихнамалық шолу және сараптама жасау;

– мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылған археологиялық ізденістер нәтижесінде жарыққа шыққан қорытындылы сипаттағы ғылыми еңбектерге, сол ғылыми жұмыстардың Еуразия халықтарының тарихын зерттеуге қосқан үлесіне баға беру хақында сараптама жасау;

– жүзеге асырылған әр бағыт пен тақырып бойынша негізгі міндеттердің атқарылуына және осының елдің ғылыми-мәдени, әлеуметтік-экономикалық және басқада маңызды салаларға ықпалына баға беру.

Ғылыми жаңашылдығы «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасының тізіміне енген археологиялық ескерткіштерінің үлгісінде мемлекеттік жобаны жүзеге асырудың нәтижелерін ауқымды салыстырмалы зерттеу алғаш рет орындалғанында жатыр. Сонымен қатар зерттеу жұмысының негізгі ғылыми жаңашылдығы аумақтық-географиялық көлемдікте және археологиялық зерттеулердің қорытындылары Еуразия халықтарының тарихындағы әр түрлі және сан алуан этномәдени үрдістер бойынша дерек көзі ретінде қарастырылғанында десе болады.

Қорғауға шағарылатын негізгі тұжырымдар.

1. Археология, өзіндік ерекше дерек көздерге ие, тарих және оның пәндерінің арасында бағынышты немесе бағындырушы сипаттан алыс тарих ғылымының дербес ажырамас бөлігі.

2. Археологияның теоретикалық сипаттағы зерттеулерлер, олар қамтудағы белгілі бір мемлекеттің немесе географиялық аймақтың археологиясының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылу керек.

3. «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасы аясында зерттелген археологиялық ескерткіштердің мәліметтері, осы ғылым саласының кейінгі даму жағдайына қарамастан бірінші кезекте тарихи дерек ретінде қарастырылуы қажет.

4. «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасы аясындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғалымдарға Еуразия аумағында Қазақстанның Homo Sapiens Sapiens адамы ерте игерген жерлердің бірі екендігін және сол кроманьондықтардың бүкіл құрлыққа таралуының транзиттік орталығы болғандығын, Қазақстан аумағында неолит дәуірінде өндіруші шаруашылық (бұл кейінгі кезеңдерде болды деген алдында орын алған қағидалар жоққа шығарылды) болып, бұл алдыңғы қатардағы мезолит тайпаларының көші-қоны нәтижесінде жүзеге асты дегендей маңызды тұжырымдарды дәлелдеуге қомақты үлес қосты;

5. Көне металл дәуірінің ескерткіштеріндегі зерттеулер ғалымдарға жылқының Қазақстан жерінде қолға үйретілгенін және оны сонау мыстас кезеңінде мініп, жегіп пайдаланғанын, қола дәуірінде Қазақстанда өз заманы үшін алдыңғы қатарлы болып келетін өндіріс пен шаруашылыққа ие алғашқы мемлекеттік бірлестіктер болғаныны дәлелдеуге зор үлес қосты.

6. Ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштеріндегі ізденістер Қазақстан аумағы Еуразия скиф-сақ әлемінің дүниеге келуінің және орнығыуының ошақтарының бірі болғанын дәлелдеуге айтарлықтай септігін тигізді.

7. Ғұн-сармат және көне түркі кезеңдерінің археологиялық ескерткіштерін зерттеу Қазақстан аумағы аталған дәуірлердің біріншісінің шегінде Еуразияның этномәдени келбетін түбегейлі өзгерткен ауқымды көші-қон үрдістерінің алаңы болғандығын және Еуразия қазіргі түркі халықтарының этногенезі Қазақстан аумағында жүргенін дәлелдеуге орасан ықпал етті;

8. Ортағасырлық қала мәдениеті ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде ғалымдар олардың жергілікті негізде пайда болған және сонымен қатар Еуразияның қалалық орталықтарымен тығыз байланыста болған деген қорытындыға келген.

9. Археология ғылым «Мәдени Мұра» ұлттық стратегиялық бағдарламасы жүктеген ғылыми-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, ағартушылық және басқада міндеттерді жүзеге асырды.

Зерттеу әдістері және әдіснамасы. Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында әдістемелік негіздері және әдіс-тәсілдері санатына тарихнамалық сараптау, логикалық сараптау жатады.

Екінші тарауда жүргізілген археологиялық жұмыстардың және олардың қарқынын, ұлттық бағдарлама жүктеген тәжірибелік сипаттағы міндеттерді орындау деңгейін және ескерткіштердің өңірлік ерекшелігін мазмұнды сараптау әдісіне үстемдік берілуде.

Үшінші тараудың негізгі зерттеу әдісі ол ғалымдардың қорытындылы еңбектеріне тарихнамалық сараптама болып келеді.

Диссертациялық жұмыстың географиялық шектері қазіргі таңдағы Қазақстан аумағын және Еуразия құрлығының, «Мәдени Мұра» бағдарламасының тізіміндегі археологиялық ескерткіштермен диссертация тақырыбы аясында көне заман және ортағасырлардағы үрдістермен байланыстарды аңғаруға мүмкін болған басым бөлігін қамтиды.

Зертеудің мерзімдік шегі 2004 жылдан осы күнге дейінгі мерзімді қамтиды, яғни, ұлттық бағдарламаның ресми түрде бастау алған шағынан оның нәтижелерін қазіргі кезге дейінгі созылудағы зерделеу уақыты аралығы.

Дереккөздер. «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасының тізіміне енген археологиялық ескерткіштер бойынша тәжірибелік және теориялық зерттеулердің мұрағаттық және жарияланған матриалдары – 2004-2011 жж. аралықтарындағы зерттеулердің нәтижелері бойынша тапсырылған есептер. 2005 жылдан 2012 жылға дейінгі зерттеулер бойынша арнайы

басылымдардағы әр жылдық қорытынды жариялынымдар. Өңірлер бойынша тарихи-мәдени мұра ескерткіштердің топтастырған жинақтар. Ұлттық бағдарлама барысы және нәтижелеріне арналған халықаралық және республикалық конференциялардың, дөңгелек стөздердің, есептік сессиялардың материалдары. Сонымен қатар Қазақстанның және Еуразия халықтарының ежелгі және ортағасырлық тарихына арналған мұрағаттық және кітапханалық ақпараттардың кең көлемі.

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы зерттеу барысында «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасының аясында зерттелген археологиялық ескерткіштердің кең көлемді мәліметтері Еуразия халықтары тарихымен тығыз байланыста жан жақты қарастырылғанымен, сарапталғанымен, жүйеленіп жалпыланғанымен анықталады. Бұл өз кезегінде зерттеулердің нәтижелерін оқу құралдарын, ішкі және халықаралық туризмді дамыту аясында туристік маршруттарды дайындауды, сонымен қатар бұқаралық халық арасында мәдени мұраны насихаттауда кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының тағы бір тәжірибелік маңызы – оның қағидалары елімізде қазіргі таңда өзекті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының негізгі бөлімдерін зерттеп, зерделеуге айтарлықтай үлес қоса алады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін сыннан өткізу. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары алты халықаралық конференцияларды және басылымдарды жарық көрді – төрт конференция материалдарында, шетелдік жетекшімен бірге бір мақала тақырыптық жинақта шығарылды, РФЦИ индекстейтін халықаралық журналда бір жариялыным бар. Сонымен қатар БҒСБК ұсынған ғылыми журналдарда үш мақала жарыққа шықты. Бір мақала Web of Science, Thomson Reuters и Scopus базаларына енген журналда жарияланған болатын.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, 15 бөлімнен, қорытындыдан, қолданған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Зерттеудің бірінші тарауы заттай ескерткіштерді тарих дерек ретінде қабылдаудың теориялық-әдіснамалық жәйттарына арналған. Айта кетсе, мәселенің тарихнамасының бірқатар маңызды мәселелері қаралған, заттай деректердің ерекшеліктері хақында археологияның ғылым жүйесіндегі алатын орны сарапталған, археологиядағы ғылыми ізденістердің теориялық-әдіснамалық негіздері және кезең-кезең бойынша ерекшеліктері талданған. Сонымен қатар, ұлттық жоба аясында зерттелген ескерткіштерге тарихи деректер тұрғысынан баға берілуде.

Екінші тарауда археологиялық зерттеулердің тәжірибелік бөлімі қарастырылған – археолог-ғалымдардың далалық жұмыстары нәтижесінде дайындалған қорытынды есептері мен мақалалары негізінде барлық зерттелген археологиялық ескерткіштерге сараптамалық шолу жасалуда. Ізденістердің барысы, зерттелген нысандар және Қазақстан мен Еуразия тарихының деректері хақындағы негізгі нәтижелер бойынша ақпарат келтірілген. Сондай-ақ міндеттердің атқарылуына, зерттелген

ескерткіштердің ерекшеліктері мен түрлеріне және өңірлердегі зерттеулерде орын алған кейбір кемшіліктерге баға берілуде.

Үшінші тарау ғалымдардың далалық зерттеулердің және кейінгі зерделеулер қорытындыларын Қазақстан және Еуразия тарихына қосқан үлесін анықтау хақында жалпылауға және жүйелеуге арналған. Археологиялық ізденістердің тас ғасырын, көне металл кезеңін, ерте темір дәуірін, ғұн-сармат кезеңін, ерте түрі заманын және ортағасырларды зерттеудегі жетістіктері сарапталуда.

Қорытындыда диссертациялық жұмыстың нәтижелері топтастырылған – теориялық-әдіснамалық негіздеулердің түйіндері, атқарылған міндеттері және ұлттық бағдарламаның археология саласындағы жетістіктері, оның ғылыми-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, ағартушылық және басқада оң әсері зерделеніп, бағалануда.

Пайдаланған деректер тізімі 400-ден астам әдебиеттен тұрады.

Қосымшаларда көрнекі көркем суреттер жинақталған.